

Облыста 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мен құрылыс индустриясын дамыту аймақтық бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 45/6 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 30 маусымда N 2633 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына, Ел Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мен құрылыс индустриясын дамыту аймақтық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) - б е к і т і л с і н .

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс сәулет және қала құрылысы департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұ с ы н а т ы н б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Н. Шабрат

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихаттың
2004 жылғы 30 маусымдағы
"Облыста 2005-2007 жылдарға
арналған тұрғын үй құрылысы
мен құрылыс индустриясын
дамытудың аймақтық
бағдарламасы туралы
N 45 / 6 шешіміне
қосымша

Облыста тұрғын үй құрылысы мен құрылыс индустриясын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Паспорт

Атауы	Облыста тұрғын үй құрылысы мен құрылыс индустриясын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы																																				
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы, Президенттің 2004 жылғы 19 наурыздағы 2005 жылға арнап Қазақстан халқына жасаған "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" Жолдауы, Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 11-7/007-81 тапсырмасы																																				
Негізгі әзірлеушілер	Облыс сәулет және қала құрылысы, облыс индустрия және сауда департаменттері																																				
Мақсаты	Облыс тұрғындары көпшілігінің тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ету, аймақтың құрылыс индустриясын дамыту																																				
Іске асыру мерзімі	2005-2007 жылдар, 2004 жыл - дайындық мерзімі																																				
Қаржыландыру көздері	<p>Республикалық және жергілікті бюджеттер, ипотекалық кредиттер, тұрғын үй-құрылыс жинақ ақшалары, жеке меншік инвестициялары, сондай ол қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзгеде қ а р ж ы к ө з д е р і</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 60%;">2 0 0 5</td> <td style="width: 5%;"></td> <td style="width: 15%; text-align: center;">ж ы л :</td> <td style="width: 20%;"></td> </tr> <tr> <td>республикалық бюджет</td> <td style="text-align: center;">-</td> <td>2197,75</td> <td>млн. теңге:</td> </tr> <tr> <td>жергілікті бюджет</td> <td style="text-align: center;">-</td> <td>310</td> <td>млн. теңге.</td> </tr> <tr> <td>2 0 0 6</td> <td></td> <td style="text-align: center;">ж ы л :</td> <td></td> </tr> <tr> <td>республикалық бюджет</td> <td style="text-align: center;">-</td> <td>2197,75</td> <td>млн. теңге:</td> </tr> <tr> <td>жергілікті бюджет</td> <td style="text-align: center;">-</td> <td>320</td> <td>млн. теңге.</td> </tr> <tr> <td>2 0 0 7</td> <td></td> <td style="text-align: center;">ж ы л :</td> <td></td> </tr> <tr> <td>республикалық бюджет</td> <td style="text-align: center;">-</td> <td>1265</td> <td>млн. теңге:</td> </tr> <tr> <td colspan="4">жергілікті бюджет - 350 млн. теңге.</td> </tr> </table>	2 0 0 5		ж ы л :		республикалық бюджет	-	2197,75	млн. теңге:	жергілікті бюджет	-	310	млн. теңге.	2 0 0 6		ж ы л :		республикалық бюджет	-	2197,75	млн. теңге:	жергілікті бюджет	-	320	млн. теңге.	2 0 0 7		ж ы л :		республикалық бюджет	-	1265	млн. теңге:	жергілікті бюджет - 350 млн. теңге.			
2 0 0 5		ж ы л :																																			
республикалық бюджет	-	2197,75	млн. теңге:																																		
жергілікті бюджет	-	310	млн. теңге.																																		
2 0 0 6		ж ы л :																																			
республикалық бюджет	-	2197,75	млн. теңге:																																		
жергілікті бюджет	-	320	млн. теңге.																																		
2 0 0 7		ж ы л :																																			
республикалық бюджет	-	1265	млн. теңге:																																		
жергілікті бюджет - 350 млн. теңге.																																					
Міндеттері	Ипотекалық кредит беру және тұрғын үй-құрылыс жинақ ақшалары жүйесін қолдана отырып тұрғын үй салу, бәсекеге жарамды құрылыс материалдарымен тұрғын үй, өнеркәсіп және жол құрылысын қамтамасыз ету үшін облыстың құрылыс индустриясын дамыту																																				
Күтілетін нәтижелер	<p>Алғашқы тұрғын үй нарығы одан әрі дамып, инвестициялық процесстер ж а н д а н а т ү с е д і ;</p> <p>Құрылыс индустриясы базасы мен құрылыс материалдары өнімін шығару дамып, шеттен құрылыс өнімдерін әкелу төмендейді; Құрылыс жұмыстарынан, жылжымайтын мүліктен, құрылыс саласы жұмыскерлерінен бюджетке түсетін салық түсімі өседі; Өндірісте құрылыс өнімдерін, электротехникалық, металлургия мен химия өндірісінде, сонымен бірге жаңа құрылысқа қажет өнімдерін шығаруды ұлғайту арқасында қатарлас салаларда мультипликативтік тиімділік тосылады.</p>																																				

2. Кіріспе

Облыста тұрғын үй құрылысы мен құрылыс индустриясын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы (бұдан әрі- Бағдарлама), Ел Президенттің 2004 жылғы 19 наурыздағы 2005 жылға арнап Қазақстан халқына жасаған "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілет халық үшін!" Жолдауында қойылған республикадағы тұрғын үй саясатын және Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуын іске асыру жөніндегі міндеттерге сәйкес әзірленді.

Президент Қазақстан халқына жасаған Жолдауында тұрғын үй құрылысында жаңа саясаттың іске асуы басталды деп атап көрсетті, оның мақсаты бағасын арзандату арқылы облыс тұрғындарының көпшілігінің тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Тұрғын үй құрылысын жаппай салу құрылыс материалдары өндірісінің дамуына әсер ететін болады.

Павлодар облысы бойынша 2004 жылдың 1 наурызына пәтер алуға кезекте шамамен 2600 адам тұр, оларды қамтамасыз ету үшін 210 мың шаршы метр тұрғын үй салу қажет.

Облыс қалаларында 2107 отбасы тұрып жатқан 225 бұзуға жататын ескі, қираған үйлер бар, оларды көшіру үшін 170 мың шаршы метр тұрғын үй салу қажет.

Алдағы уақытта, жыл сайын, бүгінгі күні кезекте тұрғандар санының 10-12%-ы өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартқысы келеді, ол үшін қосымша 72 мың шаршы метр тұрғын үй салу қажет болады.

Жалпы алғанда облыста 452 мың шаршы метр үй салу қажет.

3. Мәселенің қазіргі жай-күйін талдау

Соңғы жылдары тұрғын үй мәселесі жеке меншік үйлер салу есебінен шешіліп отырды. Айталық, 2002 жылы жеке меншік үйлер салу есебінен 33,7 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды.

2003 жылы 48,5 мың шаршы метр тұрғын үй, соның ішінде қалаларда - 47,5 мың шаршы метр, ауылдық жерде 1 мың шаршы метр іске қосылды. 7,5 мың шаршы метр көп қабатты (жергілікті бюджет есебінен 3,6 мың шаршы метр), 41 мың шаршы метр жеке меншік тұрғын үй іске қосылды.

2003 жылы Павлодар қаласында кейінгі кезде алғашқы рет жергілікті бюджеттер қаржысына 12/1 Ворушин көшесінде орналасқан бес қабатты елу пәтерлік, көлемі 3,6 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы аяқталып, пайдалануға тапсырылды, одан халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарына пәтерлер берілді.

Облыста қазіргі уақытта жалпы алаңы 118 мың шаршы метр, құрылысы салынып бітпеген 31, соның ішінде Павлодарда қаласында - 12, Екібастұз қаласында - 13, Ақсу қаласында - 6 объект бар.

Облыста тұрғын үй қорын ұстау жағынан қиын жағдай қалыптасып отыр.

Тұрғын үйді жекешелендіргеннен кейін меншік иелері оны қалыпты пайдалану және ұстау жөніндегі мәселелерді өздері шешуге міндетті. Алайда олардың бұны қосымша ақшалай қаражатсыз тиісті дәрежеде жүзеге асыруға жағдайлары жоқ,
о ғ а н с е б е п :

облыстың тұрғын үй қорының елеулі үлесін 1957-1961 жылдары, заводтардың құрылысшылары мен пайдаланушыларын орналастыру үшін уақытша тұрғын үй ретінде салынған үйлер құрайды;

уақытша 1-, 2-қабатты жиналмалы қалқанды үйлер салынды, мұндай үйлерде ас үйлері мен басқа да бөлмелердің аудандары шағын, санитарлық торабтары жоқ қазіргі заманға сай жабдықтарды орналастыруға бейімделмеген;

алғашқы жаппай сериядағы бес қабатты тұрғын үйлер Павлодар қаласында алпысыншы жылдардың басында ірі панельді орындалуда салына басталған, қазіргі уақытта бұл үйлерді пайдаланудың нормативтік мерзімі екі есеге артқан, панельдерді біріктіру жүйелерінің төзімділік сипаттары тоттанудан төмендеген, бұл тұрғын үйлердің құлауына, адам өліміне әкелуі мүмкін.

1990-2000 жылдар аралығында құрылыс индустриясының қолда бар өндірістік әлеуеті толығымен дерлік бұзылды.

қазіргі уақытта өндірістің техникалық деңгейдің төмендеуі, өнімнің шығару көлемі және оның сапасы облыстың құрылыс материалдарына деген сұранысын қамтамасыз ете алмай отыр. өз қаражатының жеткіліксіздігі бұдан да ірі жобаларды іске асыруға және кәсіпорынды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік б е р м е у д е .

Павлодар облысында 7507 жұмысшылары бар 294 құрылыс ұйымдары жұмыс істеуде. Жұмыс істейтіндер саны 200-ден асатын 6 кәсіпорын бар ("Ремстрой" ЖШС - 433 адам, "құрылыс" МҚБ ЖШС - 217 адам, "Иртыштрансстрой" қауымдығы - 500 адам, "Павлодар стройпуть" ЖШС -250 адам, " Промжилстройкомплекс" ЖШС - 200 адам, "Павлодарэнергострой" ЖШС - 300 а д а м) .

Павлодар облысында тұрғын үй-азаматтық құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын, топографо-геодезиялық және іздестіру жұмыстарын әзірлейтін 6 мамандандырылған жобалау институты бар:

100 адамға дейін мамандары бар, "Павлодаргражданпроект" ЖШС - 2003 жылы атқарылған жұмыс көлемі - 22 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған көлем - 2 0 м л н . т е ң г е ;

30 адамға дейін мамандары бар, "Павлодарэнегопроект" ЖШС - 2003 жылы атқарылған жұмыс көлемі - 80 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған көлем - 92 м л н . т е ң г е ;

31 адамға дейін мамандары бар "Ай-Су" концерні ЖШС - 2003 жылы институт атқарған жұмыс көлемі - 41 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған

к ө л е м - 1 4 м л н . т е н г е ;

"Изыскатель" ЖШС - 2003 жылы институт атқарған жұмыс көлемі - 5 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған көлем - 7 млн. теңге.

"Изыскатель" ӨК - 2003 жылы институт атқарған жұмыс көлемі - 8 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған көлем - 10 млн. теңге.

"Восток ГИИЗ" фирмасы ЖШС - 2003 жылы институт атқарған жұмыс көлемі - 3 млн. теңге, 2004 жылға жоспарланған көлем - 1,5 млн. теңге.

Облыс аумағында әртүрлі меншік нысанындағы құрылыс индустриясының 30-дан астам кәсіпорындары жұмыс істеуде. Соның ішінде:

үстіміздегі жылы "құрылыс материалдар заводы" бірлестігі" ЖШС жылына көлемі 12,3 млн. дана силикат кірпішін шығаруды жоспарлап отыр, келешекте, жылына көлемі 20 млн. дана силикат кірпішін шығаруға арналған завод қуатын ұ л ғ а й т у к ө з д е л у д е ;

"Огнеупор-Керамик" ЖШС жылына көлемі 8-10 млн. дана кірпіш шығарарлық қуаты бар ;

өткен жылы Екібастұз ("Ремстрой" ЖШС) қаласында жылына өнімділігі 5 млн. дана шығаратын шағын кірпіш заводы іске қосылды;

"Атамұра" ЖШС, "ПВ Агропромстрой" ЖШС ТББ заводы, "Железобетон" ЖШС, "Завод ТББ и К" ЖШС, "Темир Бетон" ЖШС құрылыс объектілерін темірбетон бұйымдарымен қамтамасыз етумен айналасуда;

"Имстальком" ААқ Павлодар қаласындағы "Энергострой" трестінің ТББ негізінде құрама темірбетон шығаруды жоспарлап отыр.

2003 жылы көлемі 107,0 мың текше метр товарбетон және 12,6 мың текше метр құрама темірбетоны шығарылды.

2004-2005 жылдары (тапсырыс пен қаржыландыру болса), құрылыс индустриясының кәсіпорындары товар бетоны мен құрама темірбетон шығаруды 2 есеге арттыратын болады.

"Кастинг" ЖШС ПФ-да сортталған прокат шығаруда жергілікті жерде даярланған қауырт арматураны қолдана отырып темірбетон бұйымдарын шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік жасауда. Жақын арада диаметрі 12, 14, 16, 20 мм. және ұзындығы -12 метрге шейін арматуралық салаларды төсеу үшін "300" үзіліссіз ұсақ сұрыпты станды іске қосу жоспарлануда.

Құрылыс объектілері инертті материалдарымен (күм, шағынтас), ағаш, темірпластикалық бұйымдармен толық көлемде қамтамасыз етілген.

"Таныберді" фирмасы ЖШС ішкі айыру үшін көлемі 300 мың метр диаметрі 15-160 мм.-ге дейін полипропилен және қуаты 50 мың тонна диаметрі 15-180 мм.-ге дейінгі трубалар шығарады.

"Казэнергокабель" ААқ қоғамы тұрғын үй - азаматтық нысандағы объектілері үшін сым өнімдерін толық көлемде шығарады.

Құрылыс кешеніне қажетті электродтарды мына кәсіпорындар шығарады:

"Арнайы электродтар заводы" - айына жобалық қуаты 140-150 тонна электрод , нарық сұранысы артқан жағдайда шығару көлемін айына 300-350 тоннаға дейін арттыруға болады .

"Вторчермет" АҚ- жобалық қуаты айына 300 тонна, 2003 жылы 60 тонна электрод өнімдер шығарылды .

Дайындық мерзімінде (2004 жыл) тұрғын үй салу мақсатында мынадай іс-шараларды орындау жоспарланып отыр:

1-ші және 1А Усолка шағын ауданында тұрғын үй салу көлемі 160-165 мың шаршы метр 1100 орындық екі мектеп және 420 орындық бала бақша, 200 адам келетін поликлиника және өрт сөндіру депосы ЖҚД-ың бағасы -16,9 млн.теңге тұратын құрылыстарының егжей-тегжейлі жобаларын әзірлеу;

бағасы 14,0 млн. теңге тұратын Усолка шағын ауданы құрылысының бас жоспарының жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу;

Президенттің 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына жасаған 2005 жылға арналған "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" Жолдауының талаптарына сәйкес, тұрғын үй көлемін әр бір жанұяға 80 шаршы метрге дейін ұлғайту жобаларының бірнеше түрін әзірлеу (жобалау бағасы 10 млн. теңге).

ипотекалық кредит беру тетігі есебінде 1 Усолка шағын ауданында жалпы алаңы 38,7 мың шаршы метр N 7, тұрғын үйді және N N 8, 9, 10, 29 үйлер құрылысын, салып бітіру жоспарланып отыр, осы үшін квартал ішіндегі инженерлік коммуникациялар салу қажет;

1100 орындық мектептің (19,2 млн. теңге тұратын) тұратын, 420 орындық мектептің (14 млн. теңге) және теңге 330 орындық (10,5 млн.). бала бақшаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, ЖСҚ құны - 43,7 млн. теңге.

Усолка шағын ауданын Павлодар қаласының орталық бөлігіне тура шығуға мүмкіндік беретін - академик Сәтбаев атындағы - Амангелді - Майра көшелерінің ұзындығы 1,7 км. - автожолын салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, ЖСҚ құны - 5,7 млн. теңге, автожол құрылысының құны - 153 млн. теңге .

200 келушіге арналған поликлиниканы салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, ЖСҚ құны - 14,7 млн. теңге.

1-ші және 1А Усолка шағын аудандарының бойымен жағалауды бекіту жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, ЖСҚ құны - 10,5 млн. теңге.

Тұрғын үй салу бойынша 2005 жылы салынатын тұрғын үйлер көлемінің 30 %-нан кем емес тысқары істі қамтамасыз ету.

Дайындық мерзімінде (2004 жылы) - республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатымен ипотекалық кредит беру жүйесінің есебінен 45,2 мың

шаршы метр тұрғын үй салынатын болады.

Жергілікті бюджет есебінен квартал ішіндегі құны 32,7 млн. теңге тұратын инженерлік коммуникациялар (суторабы, жылуторабы, кәріз, электр желісі) салынатын болады.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаттары:
облыс тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;
жергілікті ресурстық әлеуетін пайдалану негізінде аумақтың құрылыс
индустриясын дамыту, жазғы демалыс кезеңінде студенттер құрылыс
отрядтарын тарту; < * >

тұрғын үй қорына күрделі жөндеу жұмысын жүргізу;
иесіз, ескі және қираған құрылыстарды бұзу;
Бағдарламаның міндеттері:

ипотекалық несие беру және тұрғын үй-құрылыс жинақ ақша жүйесі арқылы
тұрғын үйлер салу;

құрылыс саласын дамытуға инвестициялар жұмылдыру;
құрылыс кешенінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарында қайта қалпына
келтіруден және қайта жабдықтаудан өткізу;

құрылыс индустриясының бәсекеге жарамды құрылыс материалдарын
шығаратын жаңа кәсіпорындарын ұйымдастыруға бағытталған
бизнес-жобаларды қаржыландыру жөнінде кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау
жасау;

облыстың тұрғын үй қорын құрылыстық және санитарлық нормалар
талаптарына жауап беретіндей техникалық жөнделген қалыпқа келтіру.

Ескерту. 4 бөлімге өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 42/11 шешімімен.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Мыналар:
облыс тұрғындары көпшілігінің тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
толық инженерлік инфрақұрылым жиынымен бірге бос орындарға көп
қабатты тұрғын үй-құрылысын орналастыру;
ипотекалық кредит беру және тұрғын үй-құрылысы жинақ ақша жүйесі
арқылы тұрғын үйлер салу;

тұрғын халықтың әлеуметтік қорғалуға жататын тобын тұрғын үймен
қамтамасыз ету үшін салынып бітпеген тұрғын үйлердің құрылыстарын аяқтау;

1-ші және 1А Усолка шағын ауданының кешенді құрылысы;
құрылыс кешені кәсіпорындарын қайта қалпына келтіру және техникалық
қайта жабдықтау;

жаңа технологияны енгізу және жоғары сапалы құрылыс материалдарын шығару ;

минералды-шикізат базасын және құрылыс кешені кәсіпорындарын қолдау жүйесін дамыту Бағдарламаны іске асыру барысындағы негізгі бағыттар болып табылады .

2005-2007 жылдары тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыстың жоспарланған көлемін қамтамасыз ету үшін құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындарында жаңғырту, қайта қалпына келтіру және жабдықтарды жаңарту жұмыстары жүргізілетін болады. Шығарылатын өнімнің номенклатурасын кеңейту - құмблок және шлакоблок өндірісін игеру жоспарланып отыр. 2005 жылы "құрылыс материалдар заводы" бірлестігі" ЖШС-те қайта жаңғыртудан кейін силикат кірпішін шығаруды жылына 20,0 млн. данаға жеткізу жоспарланып отыр .

2006 жылы "Керамика-огнеупор" ЖШС-те іші бос керамика кірпіші өндірісін шикізатпен жыл бойы қамтамасыз ететін шихтозапасник (кірпіш балшығының қоймасы) салынады және ол жылына 8-10 млн. дана шартты кірпіш шығаруға мүмкіндік береді .

Екібастұз қаласындағы жобалық қуаты жылына 5 млн. дана кірпіш шығаратын қайтадан іске қосылған шағын кірпіш зауытында ("Ремстрой" ЖШС) бетон тасын (кірпіш) және құмблок шығару үстіміздегі жылы 2,0 млн. данаға дейін ұлғаятын болды, 2006 жылы жобалық қуатына жетеді. қолданып отырған технология құрылыс өнімінің кең тізімін - тротуар плиткасын, қаптама материалдар және басқа өнімдер өндіруге мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылы "МНУ" ЖШС Екібастұз қаласында жылына 1,4 млн. дана кірпішін, құмблоктар және құрылыс материалдарының басқа түрлерін даярлайтын технологиялық линиясын іске қосуды жоспарлап отыр.

Өндіріске алдыңғы қатарлы технология және бәсекеге жарамды құрылыс өнімдерін шығаруда көмек көрсетілетін болады.

Жылына қуаты 10 мың текше метр "Павлодар ағаш өңдеу зауыты" ЖШС-те, желімдеп құрастырылған терезе тақтайшалары және евротерезелер өндірісі ұйымдастырылатын болады. Еліміздегі бірінші ірі сериялы желімдеген ағаш экспортына бағдарланған желімдеген ағаш өндірісін іске қосу үшін заводта жеке меншік өндірістік және шикізат базасы бар.

Құрылыс индустриясы кәсіпорындарында халықаралық стандарттар мен сапа жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстарды жандандыруда.

Кәсіпорындар шығарған құрылыс өнімдерінің облыстық, аймақаралық көрмелерге, жәрмеңкелерге, тұсаукесерлеріне қатысуын ұйымдастыру және реттеу жолымен ішкі және сыртқы нарықта жылжытылуына көмек көрсетілетін болады .

2005 жылы 1-ші Усолка шағын ауданында бұдан әрі кешенді құрылыс салу жоспарланады :

45,2 мың шаршы метр тұрғын үй салу (Жамбыл-Амангелдідегі N N 7, 11, 8, 9, 10, 29, тұрғын үйлері), соның ішінде:

ипотекалық несие мен жинақ ақша есебінен - алаңы 37,1 мың шаршы метр көп қабатты тұрғын үй ;

8,1 мың шаршы метр - коммуналдық үйлер;
құны 800 млн теңге 1100 оқушыға арналған мектеп салу.

Усолка шағын ауданын Павлодар қаласының орталығымен байланыстыратын ұзындығы 1,7 километр академик Сәтбаев - Амангелді - Майра автожолын салу жоспарланып отыр .

2005 жылы барлығы республикалық бюджет және ипотекалық несие жүйесі есебінен алаңы 45,2 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

2006 жылы 45,2 мың шаршы метр тұрғын үйлер салу жоспарланып отыр, соның ішінде :

ипотекалық кредит және тұрғын үй жинақ есебінен 37,1 мың шаршы метр;

8,1 мың шаршы метр - коммуналдық тұрғын үй;
құны 410 млн теңге 420 оқушыға арналған мектеп.

2006 жылы барлығы республикалық бюджет және ипотекалық несие жүйесі есебінен алаңы 45,2 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

2007 жылы 45,2 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр, соның ішінде :

ипотекалық кредит және тұрғын үй жинақ есебінен 37,1 мың шаршы метр;

8,1 мың шаршы метр - коммуналдық тұрғын үй;
құны 117 млн теңге 200 келушіге арналған поликлиника;
құны 250 млн теңге 330 орындық N 57 бала бақша.

2007 жылы барлығы республикалық бюджет және ипотекалық несие жүйесі есебінен алаңы 45,2 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

6. Қажетті Бағдарламаны қаржыландыру ресурстар және көздері

Республикалық және жергілікті бюджеттер, ипотекалық несие беру, тұрғын үй-құрылыс жинақ ақшалары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері Бағдарламаны қаржыландыру көздері болып табылады .

Облыстың құрылыс индустриясына капиталды жұмылдыру әртүрлі нысандарда, соның ішінде лизинг түрінде, бірлескен кәсіпорындар құру және басқадай жүзеге асырылады .

2 0 0 5 ж ы л :

республикалық бюджет - 2197,75 млн. теңге:

жергілікті бюджет - 310 млн. теңге.

2 0 0 6 ж ы л :
 республикалық бюджет - 2197,75 млн. теңге:
 жергілікті бюджет - 320 млн. теңге.

2 0 0 7 ж ы л :
 республикалық бюджет - 1265 млн. теңге:
 жергілікті бюджет - 350 млн. теңге.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:
 жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй саны өсіп отырған жағдайда үш жыл ішінде жалпы көлемі 359 мың шаршы метр тұрғын үйлер салынатын болады ;

азаматтардың тұрғын үйде тұруының қауіпсіздігін көтереді;
 тұрғын үй қорының ыңғайлылығы жақсарады;
 қаланың сәулеттік көркі жақсарады;
 алғашқы тұрғын үй нарығы одан әрі дамып, инвестициялық процесстер
ж а н д а н а **т ү с е д і ;**

құрылыс индустриясы базасы мен құрылыс материалдары өнімін шығару дамып, шеттен құрылыс өнімдерін әкелу төмендейді;

құрылыс жұмыстарынан, жылжымайтын мүліктен, құрылыс саласы жұмыскерлерінен бюджетке түсетін салық түсімі өседі;

өндірісте құрылыс өнімдерін, электротехникалық, металлургия мен химия өндірісінде, сонымен бірге жаңа құрылысқа қажет өнімдерін шығаруды ұлғайту арқасында қатарлас салаларда мультипликативтік тиімділік тосылады.

8. Облыстағы құрылыс индустриясы мен тұрғын-үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары <*>

Ескерту. 8 бөлім жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 42/11 шешімімен .

1	2	3	4	5	6	7
N р/с	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орында- луына жауапты- лар	Орын- дау мерзі- мі	Болжам- ды шығыс- тар (млн. теңге)	Қаржылан- дыру көздері
1	Құрылыс салу ауданын егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын	Егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын белгілеген тәртіпте бекіту	Облыс сәулет, қала құрылысы және	2005 жыл бойы	28,9	

	әзірлеуді және келісуді аяқтау		құрылыс департаменті			Жергілікті бюджет
2	Тұрғын үйлерін, инженерлік инфрақұрылым объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуді аяқтау	Жобалау-сметалық құжаттамаларды белгілеген тәртіпте бекіту	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл бойы	29,0	Жергілікті бюджет
3	Тұрғын үй қарқынын арттыру мақсатында инженерлік желілердің, коммуникациялардың, жолдардың, өткелдер мен басқа да құрылымдардың құрылысын алдын ала салуды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл бойы	491,9	Республикалық бюджет
4.	2005 жылға тұрғын үй көлемінен кем дегенде 30% коммуналдық тұрғын үйлерді алдын ала салуды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Павлодар қаласының әкімі	2004 жыл бойы	539,0	Республикалық бюджет
5.	8,1 мың шаршы метр коммуналдық тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Қалалар мен аудандар әкімдері	2005 жыл бойы	393,75	Республикалық бюджет
6.	37,1 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл бойы	1 265,0	Республикалық бюджет

7.	2006 жылға тұрғын көлемінен кем дегенде 30% коммуналдық тұрғын үйлерді алдын ала салуды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл бойы	539,0	Республикалық бюджет
8.	8,1 мың шаршы метр коммуналдық тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Қалалар мен аудандар әкімдері	2006 жыл бойы	393,75	Республикалық бюджет
9.	37,1 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Павлодар қаласының әкімі	2006 жыл бойы	1 265,0	Республикалық бюджет
10	2007 жылға тұрғын үй көлемінен кем дегенде 30% коммуналдық тұрғын үйлерді алдын ала салуды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Павлодар қаласының әкімі	2006 жыл бойы	539,0	Республикалық бюджет
11	8,1 мың шаршы метр коммуналдық тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Қалалар мен аудандар әкімдері	2007 жыл бойы	393,75	Республикалық бюджет
12	37,1 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй құрылысын салу	Тұрғын үйді пайдалануға беру	Павлодар қаласының әкімі	2007 жыл бойы	1 265,0	Республикалық бюджет
13	Павлодар қаласындағы 1078 орынға	Құрылысты салу	Облыс сәулет, қала құрылысы және	2005 жыл бойы	150,0	

	арналған мектептің құрылысы		құрылыс, білім департаменттері			Республикалық бюджет
14	Павлодар қаласындағы 1078 орынға арналған мектептің құрылысы	Мектепті пайдалануға беру	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс, білім департаменттері	2005 жыл бойы	250,0	Республикалық бюджет
15	Павлодар қаласындағы 1078 орынға арналған мектептің құрылысы	Мектепті пайдалануға беру	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс, білім департаменттері	2007 жыл бойы	400,0	Республикалық бюджет
16	Павлодар қаласындағы ұзындығы 1,7 км академик Сәтбаев-Амангелді-Майра көшелері бойындағы автожол құрылысы	Автожолды пайдалануға беру	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл бойы	220,0	Жергілікті бюджет
17	Павлодар қаласындағы 420 орынға арналған мектеп құрылысы	Мектепті пайдалануға беру	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс, білім департаменттері	2006 жыл бойы	410,0	Республикалық бюджет
18	Павлодар қаласындағы 330 орынға арналған балалар бақшасының құрылысы	Бала бақшаны пайдалануға беру	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс, білім департаменттері	2007 жыл бойы	250,0	Республикалық бюджет

	Кәсіпорындарға жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту мен қайта құрудан өткізу жөнінде көмек көрсету, соның ішінде: қуаттылығы жылына 20 млн. дана силикат кірпішін шығару өндірісін техникалық қайта жараттандыру; темірбетон бұйымдарын, кірпіш пен ұсақ қабырғалық блоктар шығару өндірісін қайта құру және кеңейту	Өндірістерді жаңғырту	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	2005-2007 жылдар бойы	Кәсіпорындардың өз қаражаттары мен банктер кредиттері
20	Құрылыс индустриясының кәсіпорындарымен 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттар талабына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Сертификаттар алу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	2005-2007 жылдар бойы	Кәсіпорындардың өз қаражаттары мен банктер кредиттері
21	Студенттік құрылыс отрядтары үшін (СҚО) жұмыс қажеттілігі мен көлемі-	Жұмыс көлемін белгілеу	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департа-	2005-2007 жылдар бойы	Қаржыландыруды

	нің мониторингін жүргізу		менті, қалалар мен аудандар әкімдері		қажет етпейді
22	Студенттік құрылыс отрядтарын (СҚО) тұрғын үй-азаматтық бағыттағы объектілер құрылысына тарту	Шарттар жасау	Облыс ішкі саясат департаменті, Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры (келісім бойынша), Павлодар университетінің ректоры (келісім бойынша)	2005-2007 жылдар бойы	Қаржыландыруды қажет етпейді
23	Жергілікті құрылыс материалдары кен орындарын игеру жөніндегі жер қойнауын пайдалануды игеру құқығын алу үшін инвестициялық бағдарламаларға конкурстар және тікелей келіссөздер өткізу	Шарттар жасау	Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	2005-2007 жылдар бойы	Қаржыландыруды қажет етпейді